

Газизова Майя Ривелевнаның «8D04101 – Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының тұжырымдамалық негіздері және оны Қазақстанда іске асыру тетіктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысқа

АННОТАЦИЯ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі жаһандық экономикалық және технологиялық тенденцияларға байланысты әлеуметтік-экономикалық қатынастардың өзгеруі жастар ортасының жылдам өзгеретін шындығына сөзсіз әсер етеді. Осылайша, жастар және олардың бастапқы мүмкіндіктері елдің ұлттық бәсекеге қабілеттілігін дамытуда және арттыруда шешуші рөл атқарады, өйткені елдің бәсекеге қабілеттілігі адами капиталдың, ең алдымен, өскелең ұрпақтың ұлғаюымен тікелей байланысты, мәселен олар қоғамның инновацияларына ең сезімтал бөлігі ретінде, сондай-ақ мемлекеттің адами капиталдың маңызды бөлігі ретінде жұмыс күшінің әлеуетті ұсынысын анықтайды. Жастар өте әртекті топ болып табылатынын түсіну маңызды, оның өкілдері қоғамда әртүрлі орын алады, соның ішінде әлеуметтік осал санаттардың бірі NEET-жастар болып табылады.

Бұл көрсеткішті пайдалану білім беру саласы мен еңбек нарығы арасындағы өзара әрекеттер қиындықтарын талдауға, ал осы санатқа кіретін жастар туралы осал, бейресми жұмыспен қамтылуға бейім, еңбек нарығынан және жалпы қоғам өмірінен шығарылған деп айтуға мүмкіндік береді.

NEET-жастардың ауқымы ұзақ мерзімді әлеуметтік мәселеге айналды, өйткені кейінірек бұл жастар бұрын кәсіби білім алған адамдарға қарағанда жұмыссыз және экономикалық белсенді емес болады. Осыған байланысты білім беруді жаңғырту, еңбек нарығының инновациялығы және қоршаған ортаның инклюзивтілігінің өсу мәселесі өзекті болып отыр.

NEET-жастардың пайда болу себептерінің ерекшеліктері әртүрлі, сонымен бірге білім беру жүйесіне, еңбек нарығына және әлеуметтенуге деген ортақ жаңа сын-қатерлер бар. Осыған байланысты, бұл санаттағы жастардың өсуіне себеп болатын объективті және субъективті факторларды жүйелеу қажет. Алайда, NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзия тетіктерін әзірлеу үшін зерттеудің өзекті қажеттілігіне қарамастан, мұндай зерттеулер қазіргі уақытта өте сирек кездеседі. Сонымен бірге, жастардың NEET сегментіне енуінің әлеуметтік-экономикалық себептері мен факторларын, одан шығу мүмкіндіктерін, оқу жағдайлары мен NEET-белсенді еместер, жұмыспен қамту және NEET-жұмыссыздық арасындағы ауысулардың ерекшеліктерін зерттеу, сондай-ақ NEET мәртебесінде ұзақ мерзімді болудың салдары мен тәуекелдерін бағалау маңызды. Сондықтан NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзия мәселесі макроэкономикалық проблемаға ғана емес, сонымен қатар адами капитал сапасының өзгеруімен білім беруді ізгілендіру мен кәсіби әртаратандырудан

бастап инклюзивті экономиканың өсіп келе жатқан трендімен әлеуметтік теңестіру мәселелеріне дейін қоғам дамуының барлық әлеуметтік-экономикалық топтың түрлену мәселесіне айналуға.

Сол себепті, үш компоненттің конвергенциясы негізінде оны азайтудың кешенді моделін жасау маңызды: нәтижелі жұмыспен қамту – НЕЕТ-жастардың еңбекке деген ынтасын қалыптастыру; постиндустриалды білім беру – ақпараттық орта жағдайында кәсіби дағдыларды игеру және оларды қолданудың жаһандану контексті; инклюзивті даму – экономиканың қазіргі әлеуметтенуінің тұрақты мәні ретінде. Осыған байланысты, НЕЕТ-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының тұжырымдамалық негіздерін жүйелеу және оны Қазақстанда іске асыру тетіктерін әзірлеу қажеттілігі туындайды.

Зерттеу мәселесінің ғылыми әзірлену дәрежесі.

НЕЕТ-жастар санатына қатысты Алфери С., Амендола С.Е., Артамонова Е.А., Бинер Дж., Буланова М.Б., Варшавская Е.А., Гарет Р., Гладвелл Д., Грегг П., Гуляева Л.В., Зудина А.А., Ильина В.А., Инуи А., Истанс Д., Йейтс С., Карнейро П., Карсилло С., Картер К., Келли Э., Коулз Б., Кроуфорд С., Кузьмина Л. К., Макгиннес С., Парсонс С., Пейн М., Пиккио М., Робертс С., Самойленко А., Скворцова М.Б., Солон Дж., Стукен Т.Ю., Томини Э., Уильямсон Г., Уодсворт Дж., Фернандес Р., Хайм Г., Хекман Дж., Хендерсон Дж., Хоук Л., Чен И., Шафранов-Куцев Г.В., Шестакова Н.Н., Эйвис Дж., Юджи Г. және т.б. шетел ғалымдардың жұмыстары арналған.

НЕЕТ санатын зерттеуге қазақстандық ғалымдардың Алимханова Д., Альшанская А.А., Ахантаева С.Ж., Наурызбаев Н.О., Паули Э.С., Руднева Е.А., Сакошев А.Қ. және т.б. жұмыстары арналған, сондай-ақ «Жастар» ҒЗО ғылыми зерттеулер мен ұлттық баяндамаларында қарастырылған. Дегенмен, жұмыстарда НЕЕТ-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының тұжырымдамалық негіздері және оны Қазақстанда іске асыру тетіктері қарастырылмаған.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты – НЕЕТ-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының тұжырымдамалық негіздерінің және оны Қазақстанда іске асыру тетіктерінің теориялық және тәжірибелік ұсыныстарын әзірлеу.

Диссертациялық зерттеу міндеттері:

1. НЕЕТ-жастарды әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының тұжырымдамалық негіздерін зерделеу.
2. НЕЕТ-жастарды зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін талдау.
3. НЕЕТ-жастардың әлеуметтік-экономикалық координаттарының категориялық шеңберін жүйелеу.
4. НЕЕТ-жастар сегментінің құрылымдалуы және оның қалыптасуының себептері мен жүйелік факторларын айқындау.
5. НЕЕТ-жастар инклюзиясының халықаралық тәжірибесін зерттеу.

6. Қазақстандық жастар еңбек нарығының трендтерін, басым бағыттарын анықтау.

7. Қазақстандағы жастарды жұмыспен қамту саласындағы құрылымдық өзгерістерді талдау.

8. Қазақстандағы NEET-жастар және олардың өңірлік сараланудың ерекшеліктерін бағалау.

9. Қазақстандағы NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық портретін анықтау.

10. Қазақстанда жастарды жұмыспен қамту саясатының тиімділігін және NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының факторларын бағалау.

11. Қазақстанда NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының үшдеңгейлі моделін әзірлеу.

12. NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясын заманауи білім берудің және оны цифрландырудың нәтижесі ретінде қарастыру.

13. Жастар еңбек нарығында нәтижелі жұмыспен қамтуды және NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзия әлеуетін модельдеу.

14. Әлеуметтік теңестірудің жүйелік реттеушісі ретінде инклюзивті экономиканы және жастардың ортаға қосылу ерекшеліктерін зерттеу.

15. NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының Жол картасын әзірлеу.

Диссертациялық зерттеу объектісі – NEET-жастар, яғни білім алуда, еңбек нарығына және кәсіптік даярлыққа қатыспайтын жастар.

Диссертациялық зерттеудің пәні – NEET-жастардың инклюзиясы барысында туындайтын әлеуметтік-экономикалық байланыстар.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалықтары. Ғылыми жаңалығы бар ең маңызды нәтижелерге келесілер жатады:

1. NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының авторлық тұжырымдамасы және оның бағыттары ұсынылды.

2. Тарихи-логикалық талдау негізінде NEET-жастардың мәні айқындалып, осы саладағы перспективалық зерттеулердің басым және өзекті трендтері анықталды.

3. NEET-жастар сегментін құрылымдауға байланысты зерттеулер зерделенді және жүйеленді. Олардың күшті жақтары мен шектеулерін ескере отырып, NEET-жастар тобын компаративистік талдау негізінде авторлық құрылымдау ұсынылды, оның қалыптасуы мен дамуының жасырын және жүйелік себептерін анықтау негізінде топтарға бөлінді.

4. Тиімді жалпы әлемдік тәжірибені зерделеу негізінде NEET сегментін қаржыландыру арқылы елдердің әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тарихи ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыспен қамтылмаған (жұмыс істемейтін) және оқымаған жағдайдан шығу бойынша жастарды қолдауға бағытталған маргиналды топ ретінде олардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының жалпы қағидаттары тұжырымдалды.

5. Статистикалық деректерді талдау және жалпылау негізінде қазақстандық жастар еңбек нарығына, оның трендтері мен басым бағыттарына кешенді сипаттама беріліп, мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінде тіркелген Қазақстанның жұмыссыз жастарының профилі жасалды. Жастарды саралаудың әлеуметтік-экономикалық ауқымын ескере отырып, жастар еңбек нарығының қазіргі заманғы шекаралары негізделді. Жастарды экономикалық қызмет бойынша жұмыспен қамту тұрғысынан құрылымдық өзгерістер массасын талдау нәтижесінде осы жас тобындағы еңбек қызметіндегі неғұрлым қолайлы және өсу әлеуеті жоғары салалары белгіленді.

6. Қазақстандағы ұлттық бөліністе NEET-жастарды дамытудың сандық параметрлері нақтыланды. NEET-жастардың өңірлік саралануын бағалау шекаралық матрица бойынша өңірлік NEET-жастардың және жастар жұмыссыздығының Моран жаһандық индексі есептеу негізінде кеңістіктік автокорреляция анықталды. Жүргізілген NEET-жастар мен жастар жұмыссыздығының көрсеткіштері арасындағы корреляциялық талдау NEET-жұмыссыздықтың өңірлік саралануын анықтау нәтижесінде аталған көрсеткіштер арасында жоғары байланыс бар өңірлерді бөлуге мүмкіндік берді.

7. Қазақстандағы NEET-жастар өкілдерінің әлеуметтік-экономикалық портретінің негізгі құрамдас бөліктері анықталды. Әлеуметтік зерттеудің нәтижелері сауалнамаға қатысқан барлық фокус-топтарда мәселелердің бар екендігін және оларды шешуге дайын екендігін көрсетті. Сауалнама барысында анықталған NEET-жастар мәселелері жастарды қолдаудың институционалдық және қаржылық тетіктерін белсенді пайдалануды талап етуін белгілейді.

8. Қазақстанда жастарды жұмыспен қамту саясатының тиімділігі бағаланып, үш фокус-топ шеңберінде жүргізілген әлеуметтік сауалнама негізінде Smart PLS 3 бағдарламасын пайдалана отырып, оның нәтижелерін құрылымдық теңдеулер және екінші буынның көпөлшемді деректерін (SEM) талдау әдісімен үлгілеу арқылы NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзия стратегиясын әзірлеу үшін жастар әлеуметтенуіне айтарлықтай әсер ететін факторлар анықталды.

9. Қазақстанда NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының макроэкономикалық, институционалдық және әлеуметтену факторларын анықтау арқылы жастар еңбек нарығында нәтижелі жұмыспен қамтуды қалыптастыру, NEET-жастарды әлеуметтенудің жүйелі ынталандырғышы болып табылатын инклюзивті экономика элементтерін қалыптастыру және ортаның жалпы әлеуметтенуінің өсуі, жастардың кәсіби құзыреттерін кеңейтетін және оның білім беру жүйесіне де, еңбек нарығына да жоғары белсенділігін қамтамасыз ететін білім беру жүйесін дамытудың постиндустриалды және цифрлық детерминанттары негізінде зияткерлік капиталдың жаңа сапасын қалыптастыру негізінде Қазақстанда NEET-

жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының үшдеңгейлі кешенді моделі әзірленді.

10. Қазақстанда NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының Жол картасы тұжырымдалып, NEET-жастардың білім беру жүйесіне әлеуметтік инклюзиясы, NEET-жастардың еңбек нарығына экономикалық инклюзиясы және денсаулығы бойынша мүмкіндігі шектеулі NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясы арқылы NEET-жастарды азайтудың жүйелі тетігі әзірленді

Қорғауға ұсынылатын диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдамалары.

1. NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының бағыттарын ескере отырып, оның авторлық тұжырымдамасы берілді.

2. NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық кеңістігінің себеп-салдарлық байланыстарының категориялық тізбегі негізделіп, NEET-жастардың пайда болу себептерді, оның кеңеюіне ықпал ететін факторларды анықтау негізінде NEET-жастар сегментін түрлеріне авторлық құрылымдау ұсынылды.

3. Қазақстандық жастар еңбек нарығына, оның трендтері мен басым бағыттарына кешенді сипаттама беріліп, жастар еңбек нарығының қазіргі заманғы шекаралары негізделді, Қазақстандағы жастардың жұмыспен қамтылуындағы құрылымдық өзгерістерді бағалау негізінде жас қызметкерлердің еңбек қызметін дамыту үшін қолайлы салалар белгіленді.

4. Ұлттық бөліністе NEET-жастардың сандық параметрлері нақтыланып, Қазақстандағы NEET-жастардың өңірлік саралануын бағалау мақсатында NEET-жастар мен жастар жұмыссыздығы көрсеткіштерінің кеңістіктік әсері айқындалды. NEET-жастар деңгейі мен жастар жұмыссыздығы үлесінің көрсеткіштерін талдау негізінде NEET-жұмыссыздық басым өңірлер анықталды.

5. Әлеуметтік сауалнама негізінде Қазақстандағы NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық портреті анықталып және NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясы стратегиясын әзірлеу үшін жастардың әлеуметтенуіне әсер ететін факторлар айқындалды.

6. NEET-жастардың білім беру жүйесіне әлеуметтік инклюзиясын, NEET-жастардың еңбек нарығына экономикалық инклюзиясын және денсаулығы бойынша мүмкіндігі шектеулі NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясын ескеріп, NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының үшдеңгейлі моделі негізінде іс-шаралар мен басқарушылық шешімдер жүйесін қамтитын Қазақстандағы NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының Жол картасы әзірленді.

Диссертациялық зерттеудің теориялық маңыздылығы автордың ғылыми негізделген тұжырымдары мен ұсыныстары NEET-жастар мәселесін және олардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясын терең түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеудің түйіндейтін элементтері NEET-жастардың

элеуметтік-экономикалық инклюзия тетіктерін жетілдіру үшін теориялық және эмпирикалық негіз және осы саладағы саясатты одан әрі зерттеу мен әзірлеуге база бола алады.

Зерттеу нәтижелерінің тәжірибелік маңыздылығы диссертацияның қорытындыларын NEET-жастар азайту бағытында жұмыспен қамту және элеуметтену саясатын жетілдіру үшін мемлекеттік мекемелермен, жастарды жұмыспен қамту және элеуметтену тетіктерінің тиімділігін арттыру үшін жоғары және орта буын оқу орындарымен, жастар қоғамдық ұйымдарымен, жастар ресурстық орталықтарымен, жұмыспен қамту орталықтарымен, даму институттарымен, «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасымен пайдалана алуында.

Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында «Еңбек экономикасы», «Еңбек нарығы және оны реттеу», «Экономикалық элеуметтану» және т.б. дәріс курстарын оқуда қолданылуы мүмкін.

Диссертациялық зерттеудің теориялық-әдіснамалық және ақпараттық негізгі – отандық және шетелдік ғалым-экономистердің еңбектері; Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері; мерзімді экономикалық баспасөз материалдары; Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросының, «Талдау» Ақпараттық-талдамалық жүйесінің, Халықаралық еңбек ұйымының, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының статистикалық және талдамалық деректері; Біріккен ұлттар ұйымының, Еуропалық өмір сүру және еңбек жағдайларын жақсарту қорының материалдары; мамандардың талдамалық материалдары мен сараптамалық бағалары; ғаламтор желісіндегі зерттелетін мәселе бойынша ақпараттық ресурстар болып табылады.

Зерттеу үрдісінде теориялық тарихи-логикалық талдау, VOSviewer бағдарламасы негізінде библиометриялық талдау, салыстырмалы талдау, нормативті, жүйелі талдау, синтездеу және ғылыми абстракция әдістері, NEET-жастар көрсеткішінің өңірлік саралануын статистикалық және эконометрикалық әдістемелермен талдау, кеңістіктік әсерлерді бағалау үшін NEET-жастарды сипаттайтын көрсеткіштердің кеңістіктік автокорреляциясын есептеу негізінде үлгілеу, Smart PLS 3 бағдарламасын пайдалана отырып, оның нәтижелерін құрылымдық тендеулер және екінші буынның көпөлшемді деректерін (SEM) талдау әдісі қолданылды.

Зерттеу нәтижелерін жариялау. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен ұсыныстары «Қазақстанда NEET-жастарды минималдаудың кешенді үлгісін әзірлеу: өнімді жұмысбастылықты, инклюзивті экономиканы және білім беруді цифрландыруды конвергенциялау» (2021-2023 жж., №AP09259065) Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранты бойынша, сондай-ақ «Қазақстандағы, Өзбекстандағы, Қырғызстандағы NEET-жастар: жалпы және ерекше параметрлер, стратегиялық тәуекелдер, азайту шарттары» (№ZYJY2021014) гранты

бойынша орындалған қолданбалы ғылыми-зерттеу тақырыптарының бөлігі болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері ашық баспасөзде қарастырылды, халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалды. Диссертациялық жұмыстың мазмұны 13 ғылыми еңбекте көрсетілген, оның ішінде 1 мақала Scopus дерекқорына кіретін журналда, 5 мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 6 мақала халықаралық конференция материалдарында (оның ішінде қазақстандық – 3, шетел – 3), басқа жарияланымдарда – 1 мақала, «NEET-жастарды азайту мәселесінің тұжырымдамалық негіздері және оны Қазақстанда іске асыру тетіктері» атты монографияда (12,7 б.т.) жарияланды.

Диссертация құрылымы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертация 21 кестеден, 55 суреттен, 31 қосымшадан, 264 атаудан тұратын пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

«NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзия мәселесінің теориялық-әдіснамалық парадигмасы» атты **бірінші тарауда** автор NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының тұжырымдамалық негіздерін, NEET-жастарды зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін, NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық координаттарының категориялық шеңберін жүйелеуін, NEET-жастар сегментінің құрылымдалуы және оның қалыптасуының себептері мен жүйелік факторларын, NEET-жастар инклюзиясының халықаралық тәжірибесін зерттеді.

Әлеуметтік-экономикалық инклюзия жастардың білім беру және еңбек нарығынан шығарылуын еңсеруге деген ұмтылысты білдіретін жаңа кодтық белгіге айналады.

Жастардың әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесіне «инклюзия» бағыттарын 1) NEET-жастардың барынша азайтудың жүйелі векторы ретінде кәсіптік білім берудің постиндустриалды және цифрлық детерминанттары арқылы адами капиталдың жаңа сапасын қалыптастырумен байланысты әлеуметтік инклюзия, 2) жастарды еңбек қызметіне тартуды көздейтін және оны «нәтижелі жұмыспен қамту» қағидаттары шеңберінде қарастыратын табысты экономикалық инклюзия, 3) денсаулығы бойынша мүмкіндігі шектеулі жастардың білім беру саласына және еңбек нарығына тарту үшін тең мүмкіндіктер ретінде анықталатын әлеуметтік-экономикалық инклюзия деп бөліп, келесідей NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының авторлық тұжырымдамасы берілді: NEET-жастарды әлеуметтену мен экономизациялаудың жүйелі детерминанты ретінде инклюзивті даму факторларын ескере отырып, білім беру саласына және еңбек қызметіне жастарды, сонымен бірге денсаулығы бойынша мүмкіндіктері шектеулі жастарды тарту үрдісімен байланысты. NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының нәтижесі жұмыспен

қамту, білім беру, инклюзивті экономика әсерлерінің конвергенциясы негізінде Қазақстандағы NEET-жастарды азайту болып табылады.

NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзия мәселесінің себеп-салдарлық байланыстарын анықтау мақсатында басым трендтер мен реперлік бағдарларды бөліп көрсете отырып, Web of Science дерекқорында осы пәндік саладағы бар зерттеулерге шолу негізінде NEET-жастардың категориялық құрылымының ауқымы VOSviewer бағдарламалық құралының мүмкіндіктерін пайдалана отырып айқындалды.

Web of Science ғылымOMETриялық базасы негізінде NEET-жастар мәселелері бойынша жарияланған зерттеулерді библиометриялық талдау тақырыпқа қатысты жарияланған ғылыми еңбектердің тиісті таңдауын жасауға, 2006 жылдан 2022 жылға дейін Web of Science базасында NEET-жастар бойынша жарияланымдар қарқынын анықтауға, зерттелетін терминдер мен олардың генезисі арасындағы байланыс ауқымын анықтай отырып, NEET-жастар бойынша бар зерттеулерде қолданылатын кілт сөздерге негізделген тақырыптық кластерлерді картаға түсіруге, осы зерттеу саласындағы ең маңызды ғылыми трендтер мен бағыттарды, сондай-ақ «NEET-жұмыссыздық», «Жастар және білім», «Жастар ауысулары», «Еңбек нарығы» 4 зерттеу кластері шеңберінде ғылыми қызығушылықтың шоғырлануын анықтауға мүмкіндік берді.

NEET-жастар сегментін құрылымдауға байланысты зерттеулерді қарастыру және жүйелеу негізінде олардың күшті жақтары мен шектеулерін ескере отырып, NEET-жастар сегментінің қалыптасуы мен дамуының жасырын және жүйелік себептерін анықтау негізінде NEET-жастар сегментін авторлық құрылымдау ұсынылды, онда тоғыз үлкейтілген топ бөлінді: оқуды бітіру мен жұмысқа орналасу арасындағы табиғи алшақтыққа тап болған, бірақ жақын арада жұмысқа кірісуге немесе оқуды жалғастыруға ниет білдірген уақытша белсенді емес және жұмыссыз жастар («оралушылар» деп аталатындар); ресми жұмыссыз мәртебесі бар жастар, яғни жұмысы жоқ, бірақ оны белсенді түрде іздейтін және бастауға дайын жастар; оқшауланған, ресми түрде тіркелмеген жұмыссыз жастар (SNEP жеке жұмыссыздық құбылысы); жұмыс немесе оқу мүмкіндіктерін іздейтін, бірақ олардың мәртебесіне, сұраныстарына, құзыреттеріне сәйкес келетін нұсқаларға ғана бағытталған жастар; маусымдық фриക്ഷндық жұмыспен қамтуды, фрилансты, жұмыссыздық және оқымаған т. б. кезеңдерін қамтитын жұмыспен қамту және білім алудың баламалы жекеленген бағыттары бар жастар; денсаулығына, мүгедектігіне байланысты, отбасылық міндеттерді орындауға (үй шаруашылығын жүргізуге) немесе отбасы мүшелеріне (ата-аналарына, қарт туыстарына, балаларына және т. б.) күтім жасауға байланысты жұмыспен қамтылмаған және белсенді емес жастар; белсенді жұмыс іздеуді тоқтатқан жұмыс табудан үмітсіз жастар; жұмыссыздық, әрекетсіздік, бос уақыт, өзін-өзі тәрбиелеу, «өзін-өзі іздеу» пайдасына ерікті түрде саналы таңдау жасаған жастар; бейәлеуметтік, азғын өмір салтын ұстанатын жұмыссыз және белсенді емес жастар (әдетте, бұл «әлеуметтік

түбі» мен әлеуметтік тәуелділіктің ата-аналық тәртіп үлгілерін мұра ететін әлеуметтік бірегейлігін жоғалтқан андеркласс өкілдерінің балалары).

Тиімді жалпы әлемдік тәжірибені зерделеу негізінде NEET сегментін қаржыландыру арқылы елдердің әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тарихи ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыспен қамтылмаған (жұмыс істемейтін) және оқымаған жағдайдан шығу бойынша жастарды қолдауға бағытталған маргиналды топ ретінде азайтудың, NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының жалпы қағидаттары тұжырымдалды: жастарды жұмысқа орналастыру және кәсіптік оқыту кепілдігінің ұлттық бағдарламалары; NEET-жастар сегментінің инклюзиясына нақты бағытталған ұлттық мамандандырылған бағдарламалар; NEET-жастарға жоғары білім мен біліктілік алуға мүмкіндік беретін мемлекеттік бағдарламалар, гранттар; NEET-жастарға әлеуметтік оқшаулануды еңсеруге және жұмысқа орналасуға көмектесуге бағытталған қоғамдық ұйымдардың бағдарламалары; мектептен (колледжден, университеттен) жұмысқа ауысуды жеңілдететін білімді дамытудың мамандандырылған бағдарламалары, сондай-ақ жастардың жеке кәсіпкерлікке ынталандыруын дамыту бойынша білім беру жобалары, мақсаты жастардың кәсіпкерлік дағдыларын, атап айтқанда бизнесті бастау және басқару, тұрақты жұмыс орындарын құру қабілетін қалыптастыру және дамыту болып табылатын жастар кәсіпкерлігін дамытуға ықпал ететін бағдарламалар.

«Қазақстандағы NEET-жастарды зерттеу: себептері, факторлары, құрылымы» атты **екінші тарауда** автормен Қазақстандық жастар еңбек нарығының сипаттамасы, оның ішінде трендтері, басым бағыттары анықталды; Қазақстандағы жастарды жұмыспен қамту саласындағы құрылымдық өзгерістерге талдау жүргізілді; Қазақстандағы NEET-жастар және олардың өңірлік сараланудың ерекшеліктері бағаланды; Қазақстандағы NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық портреті анықталды; Қазақстанда жастарды жұмыспен қамту саясатының тиімділігін және NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының факторлары бағаланды.

2001-2022 жылдары Қазақстандағы жастар еңбек нарығында халық санындағы жастар үлесінің азаюы аясында жұмыс күшіндегі жастардың жалпы төмендеуі, жастардың, атап айтқанда 20-24 жас және 25-28 жас аралығындағы сегмент өкілдерінің жұмыспен қамтуға тартылу деңгейінің ұлғаюы, сонымен қатар, өз бетінше жұмыспен қамтылған жастардың үлесі жоғары ауылдық жерлерді қоспағанда жалдамалы жұмыскерлердің ұлғаюы, гендерлік алшақтықтың сақталуы, жұмыспен қамту көрсеткіштеріндегі ерлер үлесінің басым болуы сияқты үрдістер байқалды.

Барлық жас сегменттері бойынша жұмыссыз жастардың саны абсолютті түрде төмендегенін, әсіресе 15-20 жас аралығындағы жұмыссыздардың үлесі күрт төмендегенін атап өту маңызды, дегенмен қалалық жастар жұмыссыздығының ауқымы ауылдық жерлерге қарағанда салыстырмалы

түрде жоғары, сондай-ақ әйелдер жұмыссыздығы ерлер жұмыссыздарынан айтарлықтай жоғары. Осылайша, жүргізілген статистикалық деректерді талдау және жалпылау негізінде қазақстандық жастар еңбек нарығына, оның трендтері мен басым бағыттарына кешенді сипаттама берілді.

2011-2022 жж. аралығында экономикалық қызмет түрлері бойынша халықты жұмыспен қамту туралы статистикалық деректерді талдау 2011 жылдан бастап жастар еңбек нарығында салалық қайта құрылымдау болғанын көрсетті. Гендерлік аспектіде экономикалық қызмет түрлерінде жұмыспен қамтылған жастардың санында алшақтық болғанымен, осы жылдар аралығында ерлер мен әйелдер топтарында салалар бойынша айтарлықтай өзгерістер қатар болды.

Жастардың жұмыспен қамтылу деңгейінің өсу әлеуеті жоғары салаларды анықтау мақсатында экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамту тұрғысынан құрылымдық талдау жүргізілді. Жастардың жұмыспен қамтылу көрсеткіштерін талдау негізінде 2011-2022 жылдарға арналған экономикалық қызметті жаппай құрылымдық жылжулар көрсеткіштерінің өзгеруіне сәйкес үш топқа бөлуге болды.

Осылайша, жастарды жұмыспен қамтудағы құрылымдық өзгерістерін талдау нәтижесінде осы жас тобындағы еңбек қызметіндегі неғұрлым қолайлы және өсу әлеуеті жоғары салаларды анықтауға мүмкіндік берді: көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеумен, көлік және жинақтау, тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету, қаржы және сақтандыру қызметі, әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет, мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету, кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет, көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну. Жастардың жұмыспен қамтылуын мемлекеттік қолдау шаралары анықталған салаларға болашақта жастар жұмысында қолайлы салалар ретінде бағытталуы, оның нәтижесінде NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясына жағымды әсер тигізуі мүмкін.

Ресми мәліметтерге сәйкес соңғы жиырма бір жылда Қазақстанда жастардың жалпы санында NEET-жастардың үлесі 12,1%-ға немесе 2,9 есеге төмендеген, мәселен, 2001 жылы аталған көрсеткіш 18,6% құраса, 2022 жылы 6,5%-ға дейін қысқарды. Гендерлік аспектіде NEET-жастардың арасында әйел адамдардың үлесі жоғары және бұл тенденция жиырма бір жыл аралығында сақталып келуде (2001-2022 жж. арағылында NEET-жастардың арасында әйел адамдардың орташа үлесі 12,9% құраса, ал ер адамдар – 7,8%). Сонымен қатар бұл топқа кіретін ер адамдардың саны әйелдер санынан екі есе аз, әсіресе осындай алшақтық 2022 жылы көрінеді.

Қазақстанда NEET-жұмыссыздар және NEET-белсенді еместер топтарының басымдылықтарын анықтау мақсатында NEET-жастардың мөлшерін құрылымдық талдау жүргізілді. Жүргізілген талдау нәтижесінде 2001-2022 жж. аралығында NEET-жастар мөлшерінің азаюы NEET-

жұмыссыздар мен NEET-белсенді еместер топтар мөлшерінің қатар төмендеу тенденциясымен айқындалады, сонымен бірге жиырма бір жыл аралығында NEET-жастар құрылымында NEET-белсенді емес жастардың үлкен үлесімен сипатталады.

2001-2022 жж. аралығындағы орташа қазақстандық NEET-жастар көрсеткіштердің аясында өңірлер арасындағы бірқатар айырмашылықтар байқалады. 2001 жылмен салыстырғанда кейінгі жылдары Қазақстан Республикасының барлық өңірлері бойынша NEET-жастар үлесінің төмендеу тенденциясымен ерекшелінеді. Әсіресе Қызылорда облысында осы көрсеткіш күрт азайған. Сонымен бірге 2018 жылдан бастап Қарағанды және Түркістан облыстары NEET-жастар үлесінің ең жоғары мәндеріне ие болғанын атап өткен жөн. 2022 ж. жаңа облыстар құрылғанымен байланысты NEET-жастар үлесінің өңірлік саралануы да түрленді.

2001-2022 жж. аралығындағы орналасқан жер типінің және әкімшілік бөлінісінде NEET-жастар үлесінің өзгешеліктері байқалады. Орналасқан жер типінің және әкімшілік бөлінісі бойынша 2001 жылдан бастап 2014 жылға дейін қалалық жерде NEET-жастардың жоғарғы мөлшерімен сипатталса, ал 2014-2022 жж. аралығында ауылдық мекенде жоғары болды, дегенмен жиырма бір жыл ішінде екі елді-мекенде де аталған көрсеткіштің мәні төмендеуде.

Жастар жұмыссыздығының өңірлік айырмашылықтарын талдайтын зерттеулерге де ерекше назар аудару керек, өйткені жұмыссыздар NEET-жастар тобының бірі болып табылады.

Кеңістіктік әсерлерді бағалау үшін NEET-жастарды сипаттайтын көрсеткіштердің кеңістіктік автокорреляциясы есептелді (өңірлер бойынша Қазақстан Республикасындағы NEET-жастар үлесі және жастар жұмыссыздығының деңгейі). Кеңістіктік тәуелділіктің болуы кеңістіктік модельдерді құру мүмкіндігінің негізгі өлшемі болып табылады. Бағалау Моранның жаһандық индексі есептеу арқылы жүргізілді. 2001, 2011, 2021, 2022 жылдардағы өңірлер бойынша NEET-жастардың және жастар жұмыссыздығының туралы мәліметтер негізінде шекаралық матрицасын қолдана отырып, Моранның жаһандық индексі есептелді.

Шекаралық матрица бойынша өңірлік NEET-жастардың және жастар жұмыссыздығының Моран жаһандық индексі есептеу негізінде қарастырылған кезең аралығында кеңістіктік корреляция анықталып және оның өлшемі жылдар аралығында ерекшелінетіні белгіленді. Мәселен, Қазақстандағы NEET-жастар үлесі бойынша негізінен оң автокорреляцияны көрсетсе, бұл өңірлік еңбек нарықтарының өзара байланысын белгілейді, ал 15-28 жас аралығындағы жастар жұмыссыздығының деңгейі бойынша теріс кеңістік корреляция байқалды. Әсіресе, қарастырылған кезеңдерде кеңістіктік автокорреляцияның оң мәні жақын орналасқан аймақтардың NEET-жастардың деңгейі бойынша ұқсас, яғни жақын орналасқан өңірлер өзара әсер тигізеді деп пайымдауға болады. Ал, жастар жұмыссыздығы мөлшеріне қатысты өңірлік ерекшелікті көрсетті.

Өңірлер бойынша NEET-жұмыссыздықты анықтау үшін Қазақстан облыстары (мәліметтер жеткізіліксіздігінен Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарынан басқа) бойынша NEET-жастар деңгейі мен жастар жұмыссыздығы үлесінің көрсеткіштері арасында корреляциялық талдау жүргізілді, нәтижесінде аталған көрсеткіштер арасында жоғары байланыс бар өңірлерді, атап айтқанда Қостанай, Атырау, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстары, Алматы қаласы және Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстары бөлуге мүмкіндік берді.

Алынған нәтижелер еңбек әлеуетін тиімді пайдалануға, NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясын кеңейтуге, демек жастар арасындағы жұмыссыздықты азайтуға және оның экономикалық белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыспен қамту саясатын әзірлеуге, сондай-ақ іске асыруға өңірлік – сараланған көзқарастың маңыздылығын көрсетеді.

Әлеуметтік сауалнама негізінде Қазақстандағы NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық портреті анықталды. Әлеуметтік зерттеудің нәтижелері сауалнамаға қатысатын барлық фокус-топтарда мәселелердің бар екендігін және оларды шешуге дайын екендігін көрсетті. Сауалнама барысында анықталған NEET-жастар мәселелері жастарды қолдаудың институционалдық және қаржылық тетіктерін белсенді пайдалануды талап етеді.

Зерттеу қорытындысы бойынша үш фокус топтарда (NEET-жастар; мектептердің, колледждердің және жоғары оқу орындарының түлектері; мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар) құрылымдық теңдеулерді модельдеу (SEM) көмегімен жастардың әлеуметтенуіне әсер ететін факторлар – жастарды қолдаудың қоғамдық институттары және мемлекеттік жастар саясаты анықталды.

Жастардың әлеуметтенуіне әсер ететін факторларды талдау өте маңызды, өйткені факторларды, демек, NEET құбылысын болжай алатын қауіп факторларын түсіну жастардың әлеуметтік және еңбек эксклюзиясының әлеуметтік және экономикалық салдарымен күресу шараларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

«NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясын және азайту тетіктерін модельдеу» атты **үшінші тарауда** автормен Қазақстанда NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының үшдеңгейлі моделі әзірленді; NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясы заманауи білім берудің және оны цифрландырудың нәтижесі ретінде айқындалды; жастар еңбек нарығында нәтижелі жұмыспен қамтуды және NEET-жастарды әлеуметтік-экономикалық инклюзия әлеуетін модельдеу жүргізілді; әлеуметтік теңестірудің жүйелік реттеушісі ретінде инклюзивті экономиканы және жастардың ортаға қосылу ерекшеліктері зерттелді; NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының Жол картасы ұсынылды.

Қарастырылған факторлардың негізінде жүйелік талдау құралдарының көмегімен еліміздегі NEET-жастардың анықталған бағыттар есебімен

әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының үш деңгейлі моделі құруға мүмкіндік береді, оған келесілерді қосады:

- 1) постиндустриалды білім беру деңгейі.
- 2) макроэкономикалық деңгей
- 3) дамуды әлеуметтену деңгейі.

Зерттеудің әдістемелік құрылымы үш тағанды қағидат бойынша құрылған және үш бағытты қамтиды, яғни бұл зерттеу тәсілі Қазақстандағы NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының үшдеңгейлі моделі бойынша іс-шаралардың білім беру үрдісінде, нәтижелі жұмыспен қамту және инклюзивті экономикадағы (инклюзивті білім беру және инклюзивті еңбек нарығы) үрдістерді зерттеуге мүмкіндік береді.

Инклюзивті экономика конвергенциясының, нәтижелі жұмыспен қамтудың және постиндустриалды білім беру жүйесін түрлендірудің көрсеткіштерін ескере отырып, NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының үшдеңгейлі моделі негізінде оның нәтижелі агрегаторы, яғни қолданбалы іс-қимыл жоспары – осы мәселе бойынша іс-шаралар мен басқарушылық шешімдер жүйесін қамтитын Қазақстандағы NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының Жол картасы әзірленді.

Жол картаны әзірлеуде мемлекетте жастардың даму үрдісін, оның ішінде еңбек нарығына қатысу белсенділігін, оқу үрдісіне қатысуын айқындайтын нысаналы индикаторларды және басты көрсеткіштерді белгілеуді білдіреді. Қазақстандағы NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының Жол картаның мақсаты мен нысаналы индикаторларын анықтау үшін мемлекеттегі қолданыстағы құжаттардың бағыттарымен қатар, басқа мемлекеттермен салыстырмалы талдау мүмкіндігі және жастар дамуының үздік тәжірибелерін қолдану үшін әлемдік қауымдастықта жалпы қабылданған көрсеткіштері пайдаланылды.

Қазақстандағы NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының Жол картасы 3 бағыттан (қабаттан) тұрады: NEET-жастардың білім беру жүйесіне әлеуметтік инклюзиясы; NEET-жастардың еңбек нарығына экономикалық инклюзиясы; денсаулығы бойынша мүмкіндігі шектеулі NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясы.

Цифрлық және инновациялық білім берудің элементтерін дамытуды белсендіру жастарды білім беру ортасына кеңінен тартуға, жас мамандарды даярлау сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін болады, бұл оларды кейіннен еңбек нарығына тиімді кіруді және сайып келгенде – Қазақстандағы NEET сегментін барынша азайтуды қамтамасыз етеді. Цифрлық ұрпақ экономикалық қатынастардың бүгіні мен болашағы болып табылады, ал фриланс, платформалық жұмыспен қамту, яғни кәсіпкерлік пен өзін-өзі жұмыспен қамтудың жаңа нысандары қазіргі жастардың еңбек қатынастарын нәтижелі жүзеге асырудың және NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының тиімді құралы болуда. Қазақстандағы NEET-

жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының тетіктеріндегі институционалдық факторлар ретінде инклюзивті экономика элементтерін, оның ішінде денсаулық бойынша мүмкіндігі шектеулі NEET-жастардың инклюзивті білім саласына және еңбек нарығына белсенді қатысуын айқындауға болады.

Қорытындылай келе, Жол картасы аясында NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының үшдеңгейлі моделінің, яғни жастар еңбек нарығында нәтижелі жұмыспен қамтуды қалыптастырудың, инклюзивті экономика элементтерінің қалыптасуы, оның ішінде денсаулығы бойынша мүмкіндігі шектеулі жастарды экономикалық белсенділігін және білім үрдісіне қатысуын арттырудың және ортаның жалпы әлеуметтенуінің өсудің, жастардың кәсіби құзыреттерін кеңейтетін және оның білім беру жүйесіне де, еңбек нарығына да жоғары қосылуын қамтамасыз ететін білім беру жүйесін дамытудың постиндустриалды және цифрлық детерминанттары негізінде зияткерлік капиталдың жаңа сапасын қалыптастырудың нәтижелі әсерлері жинақталған.

Жол картасының құрылымдық мазмұны әлемдік және отандық тәжірибені ескере отырып қазіргі заманғы мемлекеттік бағдарламаның құрамдас бөлігі болып табылатын құжаттамалық және ұйымдастырушылық буындарды нақты айқындауға негізделеді.

Осылайша, Қазақстанда NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының ұсынылған Жол картасы білім беру жүйесінің, еңбек нарығының кешенді ықпалының және инклюзивті экономика кеңістігін кеңейтудің NEET-белсенді еместер мен NEET-жұмыссыздықты азайтудың жүйелі тетігі болып табылады.

NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының ұсынылған құралдарын жүйелі түрде қолдана отырып нәтижелі жұмыспен қамту, постиндустриалды білім беру және инклюзивті даму конвергенциясының сапалы жаңа деңгейіне әкеледі. Бұл адами капиталдың өсіміне және инклюзивті кеңеюге негізделген нәтижелі жұмыспен қамту әсерлерінің мультипликациясына әкелетін жағымды экономикалық және әлеуметтік әсерлер аясын кеңейтеді.

Диссертант



М.Р. Газизова